

# 10. ТЕМІРТАУДАҒЫ ТОЛҚУ



... Қала тыныштығының шырқы бір-ақ күнде бұзылып шыға келді. Белен алған берекесіздік, қалың тобырдың белгілі тәртіп пен ережеге мойынсұнбауы, тіпті солай болады-ау деп ойлап көрмеген, тіпті ойлауға да қорқатын жағдайға қала тұрғындарының бел шешіп еніп кеткені жоғарыдағыларды әбден састырды. Олар мұндай жағдайда не істерін білмейтін. Қала басшылығы өзінен бірсаты биік тұрғандарға жағдайды жеткізгенімен, ондағылар қаладағы оқыс оқиғаны әлдебір шағын топтың басбұзарлығы болар деп

ойлап орталыққа бірден, шұғыл хабарлауға жүрексінген. Онысы жоғарыдағы көкелердің мазасын алмайық дегендері емес өздерінің ертеңгі күнінен, отырған тағынан жылжытып жіберер дегенді көңілге қауіп еткендіктен болатын...

Жалпы кешегі советтік дәуірдің өзінде лауазым иелері мен билік басындағылар болмаса қара халықтың көсегесі көгері қоймаған. Сондықтан да елдің орталық, батыс аймағындағы елдің қоғамдық құрылысқа деген реніш ашық болмаса да іште бұғып жататын. Ал, жаппай ереуілдеп, бас көтеруге жекелердің болмаса баршаның дәті жетпейтін. Себебі ол қоғамда

өмір сүргендер билік механизмінің нені болмасын жалмап, көзін құртып жіберерін жақсы білуші еді. Өйткені 37-нің жүрекке салған сызаты айыға қоймаған, оның зобаланы мен зұлматы көңілдерде сайрап жатты. Солай десек те осы күнгі тарихшылар «дана

Теміртауға жұмысшылар ресми орындардың жолдамасымен де, өз бетімен де келіп жатты. Оларды Теміртаудың қабылдауға мүмкіндігі жетпеді. Қандай да болмасын құрылыс жаппай халықтық сипатқа ие болғанымен, оған жұмыс күнінің тек белгілі мөлшерде ғана қажет екені белгілі. 1959 жылдың жазында Теміртаудың өзінде артық еңбек күшінің саны 3 мыңдай болып шықты.

Осы орайда Теміртауға келуге жұрт соншалықты неге құмартты деген сауалдың туындары заңды. Оған былай жауап беруге болады.

Былайғы халық Теміртауды елдің оңтүстік-шығысында деп білді. Оның ауа райы Сібірге қарағанда қолайлы деп түсінді.

Сарыарқа өңірі қашанда өзінің қатал климатымен танымал, мұнда қыста Сібірдің аязынан өткен ызғарлы күндер, жазда Сахараның ыстығынан асқан қапырық боларынан былайғы жұрт хабарсыз еді.

1958 жылдың қысы жеңіл болмады. Көктем де кеш туып, қар баяу кетті. Себебі жағдайлармен құрылыс қарқыны да сәл саябырсып, іс ілгерілемей жатты. Әрі Теміртау ағылып келіп жатқандарды өз деңгейінде қабылдап, олардың адам сияқты тұруына жағдай жасай алмады. Яғни халықтың өсу қарқыны тұрғын үй мен әлеуметтік-

шыдап, көнбістік танытты. Деседе жаз шыға судың жетімсіздігінен қала халқы үлкен зардап шекті. Ақшаңқан палаткалардан тұратын қалашыққа су құбырын тарту туралы әңгіме де болмады, тек шаруашылықты ұйымдастырып жүргендердің тапқан амалы іргедегі төбенін етегіне бірнеше цистерналар орнатып, оны сумен толтырып отырды. Бастапқыда бұл жоқтан жақсы болып, елдің көңілінен шыққан. Алайда жаз шыға осы цистернадағы су күннің қызуынан жылымшы болып, темір әлде жанармай татып, тұтынуға қиын болды. Осы мәселені шешуге де көңіл бөлінбеді.

Сол кездің баспасөзі де әлеуметтік мәселені емес, негізінен құрылыста қанша кірпіш қаланды, қанша темір-бетон орнатылды деген мәселені шиырлаудан әріге бармады. Себебі Теміртаудың Бүкілодақтық комсомолдық деген атағына кір келтірмеу керек болды. Ал комсомол қашан да нендей қиындыққа болмасын төзуі керек. Олардың өздерінің алдындағы коммунистерден өнеге алғаны ләзім, ал реті келсе оларға үлгі болар істі өздері бастап жіберуі тиіс.

Алып құрылыстың жұмыс ырғағы бұзылмауы үшін оған алдымен құрылыс материалдары қажет. Мұндағы кемшілікті, обалы нешік, облыстық баысылымдар күн құрғатпай демесек те

жағдайы да жұрттан көш ілгері-тін. Әлеуметтік - мәдени қызмет көрсету деңгейі де бөлек болды. Міне, осының бәрін қалың ел көрмеді, білмеді деуге болмайды. Кімнің болмасын көңіліне біздің олардан неміз кем, олардан біз жақсы еңбек істемесек, кем жұмыс істемейміз, ендеше болгарлықтарға жасалып отырған жағдайды толықтай демей-ақ қоялық, жарымын бізге жасасын деген ойдың қылаң бергені анық еді. Ол ол ма жұмыс саябырлап қалған кезде, жергілікті жұрттың күндік еңбек ақысы 1 сомнан есептелгенде, болгарлықтарға 30 сомнан төленіп отырған. Осындай әлеуметтік әділетсіздік, көрер көзге алалаушылық онсыз да тұрмыстың қиындығынан қиналып жүрген елдің ашу - ызасын жани түсті. Жағдайдың шиыршық атқаны соншалық кез келген болмашы себептің өзі отты лау еткізгелі тұрды.

Сол кезде қала тұрғындары арасында түрлі алып - қашпа сөздер де белен алған. Кезінде әрі тиісті мөлшерде қалыпты жабдықталып тұрған құрылыстың ісіне кедергі жасаушылар бар екен, жұмыс күші мөлшерден тыс асып кеткен соң әдейі қысым жасап елдің бір тобынан арылмақшы көрінеді, болашақта жергілікті еңбек күшін емес, шетелден келген жұмысшылардың еңбегін пайдаланбақшы екен, қоймаларда арнайы киім-кешек те, тағам да, көкөніс пен жеміс - жидек те жеткілікті, халықтан соны жасырып отыр деген гөй-гөй сөздер қылаң беріп, ол әркімге түрліше жеткізіліп жатты. Сөйтсе де қала өз тыныштығын сақтап тұрды. Қолға қайда, күрек алып ешкім де ереуілдеп, өрескел қимыл, жат қылық көрсетпеді...

Сол кездің қуәгерлері оқиғаның 1959 жылдың 29 шілдесінде басталғанын айтады. Осы күні Теміртаудың сан мыңдаған тұрғыны, ішінде жұмыстарын тастап шыққан тас қалаушылар да, бетоншылар да, монтажшылар да, дөнекерлеушілер де басқа да мамандық иелері бар "Казметаллург құрылыс" тресінің алдындағы алаңға жиналған. Олардың арасында өз ренішін жоғарыға жеткізіп мәселені шешсек деген игі ниетпен жиналғандар да, әрі басшылар не дер екен соны тындап қалсақ дегендер де, осының арты немен тынар деп әуесқойлықпен келгендер де болды. Алайда жағдай елдің ойлағанындай болмады. Себебі жиналған



коммунистік билік» салтанат құрған жылдарда ұлан-байтақ елдің әр тұсынан халықтың наразылығы анда-санда туындап, ол жаппай бас көтеру тұрғысында көрініс беріп тұрғанын айтып жүр. Халықтық наразылықтың, ереуілдің саны қанша болғаны туралы нақты дерек жоқ. Оны әркім әртүрлі айтады. Бір тарихи еңбекте ол 150 делінсе, кейбір ғалымдар Совет Одағында коммунистік билік үстемдік құрып тұрғанда кең байтақ елдің әртүрлірінде 300-ге тарта ел наразылығы, билікке қарсы бүлігі болды дегенді айтады. Қалай демейік осының өзі-ақ кешегі Кеңестік дәуірдің баршаны бақытқа кенелткен, қой үстіне бозторғай қонақтатқан заман болмағанын танытады.

Тарихтың бізге беймәлім қатпарларының әлі де мол екендігін Теміртау шежіресіне үңіле отырып тағы бір мәрте ұғынғандай боласын. Олай дейтініміз ел аузындағы алып қашпа әңгімеде болмаса 1959 жылғы Теміртау бүлігі туралы толыққанды, жан жақты талдау еңбектері әлі жарық көрген жоқ. Кешегі күнге сыни тұрғыдан баға беру кезінің өзінде де Теміртау бүлігін өзінің ғылыми зерттеуінің объектісі етіп алған талапкер ғалымдарды да біле қоймадық. Солай десек те мерзімдік бұқаралық ақпарат құралдары жырымдап болса да Теміртау бүлігі жайында ірілі-ұсақты мақалалар жариялап жүр.

Сол күндердің сорабына түсіп шырғасак советтік идеология не нәрсені болмасын көтермелеп, өсіре көрсетіп, тым желпіндіріп отырғанын аңдуға болады. Сөз ретінде айта кету керек советтік қоғамды дәріптеуде оның идеология майданының жауынгерлері өз деңгейінде жемісті еңбек етті. Сол жылдары Теміртау да үгіт-насихаттың бас-тық объектісі болды. Сондықтан да осында келіп еңбек етуге тілек білдірушілер саны ойлағаннан әлденеше есе артып түсті.

тұрмыстық объектілердің қызмет көрсету деңгейінен жоғары болды. Әрі тиісті мөлшердегі азық-түлік те жеткізілмеді, ауыз су тапшылығы бірден көзге ұрды.

Қыстан әулірімдеп шыққан жұрттың жағдайы жаз туғанымен де оңала қоймады. Рас күннің жылынуы тұрғын жай мәселесін шешу ісіне біршама кеңшілік жасады. Келушілер құрылыс алаңдарының маңындағы шапшаң тұрғызылған барактарға, әлдеқайдан көптеп жеткізілген самаладай тізілген вагондарға орналастырылды. Достық төбешігінде палаткалардан үлкен қалашық тұрғызылды. Әр палаткада 40-50 адамнан тұрды. Мұндай жағдайда санитарлық - гигиеналық жағдай туралы сөз ету де қиын еді. Әрі соншалықты көп адамды тамақтандырудың өзі күшке түсетін. Достық, адамдардың бір-біріне сыйлауы, бауырмалдық, жанашырлық, қамқорлық, саналас деп қаншама айтқанымызбен күнделікті тұрмыс барысында болмашы себептерден түрлі кикілжің де туындап жатты. Асханалар алдында қырғын кезек пайда болды. Әлі жеткендердің ұрымтал тұстан келіп өзгелерді ренжітетін жағдайы қалыпты көрініске айналған.

Сол кезде Теміртау құрылысындағылардың негізі тамақтық асханадан ішетін. Олар жүз, екі жүз, тіпті бес жүз емес мыңдаған адам болатын. Соларға асты дер кезінде әзірлеу де жеңіл болмады. Асығыстық, әдетте қоғамдық тамақтандыру орындарында болатын берекесіздік те белен алып тұрады. Тамақтың шикі пісетін кезі де болатын. Әрине, тіршілік болған соң бәрі болады. Теміртау құрылысшылары өздерінің курортқа, демалыс орнына келмегендіктерін, жақсы тұрмысты, жаңа өмірді өз қолдарынан тұрғызуы қажет екендіктерін жете білді. Сондықтан да тұрмыстың қиындықтарына

әрекіді көтеріп, жазып тұрған. Мәселен, 1959 жылдың жазында бетон завалды тоқтап қалады, содан құрастырмалы темір-бетон құрылыстары жетпей жатты, пештер үшін отқа төзімді кірпіш қажет болса ол да жетіспеді. Бір-бірімен сабақтасып жататын саланың бір буынынан кінәрат кездесе, оның жүрістен жанылыстыратындығы анық. Теміртау да сондай күнді бастан кешті.

Әрине, жұмыс жүрмесе, құрылыс бой көтермесе жалақының да болмасы анық. Құрылыс басшылығы жұмыстың тоқырап, өгіз аянға түскен сол бір шақта әр еңбек күн үшін әр адамға тек бір сомнан ғана жазуға шешім алады. Жоғарыда айтылғандарға осы қосылып, елдің іштей наразылығын тудырды. Жұмыстың саябырсуына қарапайым еңбек адамдары емес, істі ұйымдастырушылар кінәлі екендігін жоғары орындардың түсінгісі келмеді, осы жайлы сөз етіле қалса оны құлаққа аспады.

Құрылысшылар жалақыны еңбек еткен кездегі жоғары мөлшермен төле дегенді алға тартпады, әр еңбек күн орташа алғанда қаншадан айналады, есеп жұмысын сол негізде жүргізу қажет дегенді көтерген.

Рас, теміртаулықтардың қаладағы қалыптасқан жағдайды уақытша тоқырау деп түсіністікпен де қабылдауына болатын еді. Алайда сол жылдары Теміртауда еңбек етуге келген болгарлықтарға жасалып отырған артықшылықтар елдің назарынан тыс қалмаған. Жергілікті басшылық жеткізілген құрылыс материалдарының жақсысын алдымен болгарлықтарға беретін, былайғы жұмысшыларға қарапайым қолғаптың өзі зорға беріліп отырса, болгарлықтар арнайы жұмысшы кімімен жабдықталған. Тіпті олардың жаңа кәсіпті меңгеруіне жағдай жасалып қоймай, жоғары инженерлік білім алып шығуларына да жеңілдіктер қарастырылған. Болгарлықтардың тұрмыс

қалың халықтың алдына ешкім шықпады. Тым құрғағанда оларға биік мінберден сөз беріп ішкі шерін тарқатайық, көкейлеріндегі қарапайым сауалдарға жауап берейік деген жан баласы табылмады. Жоқ, басшы деген жырттып айрылатын, өкініштісі сол қалың елмен диалогқа шығуға солардың ешқайсысының жүрегі дауаламаған.

Кешегі Сталиндік билік кезеңінде ел алаңдар мен көшелерге партияның дана саясатын қолдауға ғана шығатын, оның өзін жүйенің өзі ұйымдастырып, кімнің не туралы айтатындығын алдын ала жоспарлап, сызбы беретін. Одан соң бұқаралық ақпарат құралдары, сол жерде соншалық халық жиналған митинг өтіп партияның сөзін бір адамдай қолдап, дана басшылыққа, оның әкелік қамқорлығына алғысын айтты, деп жарыса жазатын.

Теміртаудағы көпір халықтың бұл жолғы жиналуы, алаңға шығуы олардан бөлек еді. Тиісті басшы орындар елді алаңға жиналындар, партияның саясатын қолдайық деп шақырмаған. Олай болса, осы жиналған халықтың алдына басшылар қалай шықпақ, шыға қалған күннің өзінде нені айтады. Егер елдің алдына шыға қалса халықтың айтып отырғанын мойындамасқа болмайды. Солай болған күннің өзінде жоғары орындар күні ертең бәрін ұйымдастырып, бүкіл пәлені бастаған өзінсің деп бар кінәні жеке басына жауып, теріс қаратып тарс еткізбесіне, болмаса өзіңді итжеккенге айдамасына кім кепіл. Содан да болар қаланың да, трестің де бір де бір басшысы халықпен тілдесуге келмеді. Алаңға жиналған қалың ел жаздың аптап ыстығына шыдап қас қарайғанша тарамдады. Сірә, жоғарыдағылар халық толқып барып, басшылар деп ойласа керек. Алайда алдағы күннің оқиғалары бұл ойдың жаңсақ екенін көрсетті...

Ермағамбет ЛҰҚПАН,  
Аманжол АҚЫН